ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 10 шілде №7119-24-00-2/8008 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы" Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АК)

ЖАУАПКЕР:

«Алимжанова Ляйля Бекеновна» жеке кәсіпкері (бұдан әрі- ЖК)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы" АК жауапкер «Алимжанова Ляйля Бекеновна» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Алимжанова Ляйля Бекеновна» ЖК ЖСН 830915403038 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Алимжанова Ляйля Бекеновна» ЖК ЖСН 830915403038 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Документ подписан: Нурланов Б. К., 10.07.2024

Дата вступления в законную силу: 19.08.2024, судья Нурланов Б. К., 28.08.2024

7119-24-3-1/7602